

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 225 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 15 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысын а (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 366-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

қаулының тақырыбындағы "мақсатты пайдалану туралы ережені" деген сөздер "мақсатты пайдалану ережесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "мақсатты пайдалану туралы ереже" деген сөздер "мақсатты пайдалану ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану туралы ережеде:

тақырыбындағы "мақсатты пайдалану туралы ереже" деген сөздер "мақсатты пайдалану ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесі "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық бюджеттен бөлінетін және қоныс аудару іс-шараларын қаржыландыру мен оралмандарды әлеуметтік қорғауға бағытталған қаражатты мақсатты пайдаланудың тәртібін айқындайды.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражат:";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) оралмандар отбасыларының тұрғын үй сатып алуы үшін қаражат бөлуге;"

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "қаржыландыру есептемесімен қоса лимиттік өтінімді" деген сөздер "міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын" деген сөздермен ауыстырылсын;
12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларының тұрғын үй сатып алуы үшін қаражат бөлуді отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебімен келген жері бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі аумақтық органдар жүргізеді.

Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі аумақтық орган оралман отағасының нотариалды түрде расталған тұрғын үйді сатып алу-сату шартының немесе жергілікті атқарушы органның жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін беру туралы шешімін ұсынуы бойынша тұрғын үй сатып алу үшін бөлінген қаражатты екінші деңгейдегі банкте оралмандар отағасының алдын ала ашқан жеке шотына аударды.

Бұл ретте оралмандардың жеке шотына аударылған бөлінген қаражат сомасы мен сатып алынатын тұрғын үйдің сатып алу құны арасындағы теріс айырма оралмандардың өз қаражаты есебінен қосымша төленеді, ал оң айырма оралмандардың өздерінде қалады.";

13 - тармақта :

"мекендеу рұқсаты" деген сөздерден кейінгі үтір "немесе" деген шылаумен ауыстырылсын ;

", төлқұжаты" деген сөз алынып тасталсын.

2. "Оралмандардың отбасылары үшін тұрғын үй сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 16, 216-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі